ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 26 қаңтар №5265-23-00-2/3601 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Г.Ж.Жолбарыс төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «4 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (әрі қарай – ШЖҚ «4 қалалық емхана» МКК)

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ICEtech service» Чингиз Ержанович Исаев (әрі қарай- ЖК «ICEtech service»)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 - баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

ШЖҚ «4 қалалық емхана» МКК-ның талап қоюы – қанағаттандырылсын.

ЖК «ICEtech service» Чингиз Ержанович Исаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ЖК «ICEtech service» Чингиз Ержанович Исаевтан (ЖСН 881 118 302 181) мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 26.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 06.03.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 06.03.2024
5265-23-3-1/4071

тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Г.Жолбарыс

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 26.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.03.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 06.03.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»

5265-23-3-1/4071